

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	1/26			
		өзг.№			


«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесі
Аудит жөніндегі комитетінің
20 15 жылғы «18» февралда 20
шешімімен (№ 10 хаттама)
МАҚҰЛДАНДЫ

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
20__ жылғы «__» _____
шешімімен (№ _____ хаттама)
БЕКІТІЛДІ

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

Астана қ., 2025 жыл

Әзірлеген:

ТАӨ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
		2/26			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	өзг.№			

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Қолданылу саласы	3
3. Саясатта пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар	3
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары	6
5. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері	7
6. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер	8
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер	11
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	12
9. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені ...	14
9.1. «Жедел желі» ұйымдастыру және ақпараттандыру	14
9.2. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу	15
9.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу	16
9.4. Персоналды басқару	16
9.5. Өзара ынтымақтастық	17
10. Саясатты орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапкершілік	18
11. Қоғам Басқармасының міндеттемелері	18
12. Қоғам жұмыскерлерінің міндеттері	20
13. Комплаенс қызметі	20
14. Қорытынды ережелер	20
15. 1-қосымша	22
16. 2-қосымша	24
17. 3-қосымша	25
18. Танысу парағы	26

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	3/26
		өзг.№

1. Жалпы ережелер

1. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – тиісінше Саясат, Қоғам) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат мынаны:

1) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелері мен қағидаттарын;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;

3) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелерді;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;

5) осы Саясатты сақтау үшін жауапкершілікті белгілейді.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Қоғамда мәдениет комплаенсін қалыптастыру, Қоғамның, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жоғары мінез-құлық стандарттарына бейілділігі, іскерлік беделін нығайту және Қоғамға деген сенімін арттыру болып табылады.

2. Қолданылу саласы


4. Осы Саясат Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын ішкі нормативтік құжат болып табылады және Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

5. Осы Саясат Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

3. Саясатта пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар

6. Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тураш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплагенс кызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	4/26
		өзг.№

1) **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде Қоғамда бар құндылықтар, этикалық нормалар, наным және мінез-құлық жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын және осы Саясатты іске асыруға және Стандарттың жұмыс істеуіне ықпал ететін мінез-құлық стандарттарын әзірлеу мақсатында Қоғамның құрылымдарымен және бақылау жүйелерімен өзара іс-қимыл жасайтын қызмет

3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** - Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қабылдайтын шаралардың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі Қоғам қызметі;

4) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** - Қоғам қызметінің оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

5) **жақын туыстар** – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары;


6) **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** – Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

7) **лауазымды тұлға** - Қоғамда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

8) **кандидат** - ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты лауазымға орналасуға үміткер болып табылатын тұлға;

9) **сыбайлас жемқорлық** - Қоғамның лауазымды адамының және (немесе) қызметкерінің жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі не үшінші тұлғалар арқылы алу немесе шығару мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін, олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды сатып алуы;

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплагенс-менеджер	Комплагенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
		5/26			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	өзг.№			

10) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – ҚР заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

11) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі

12) **контрагент/бизнес-серіктес** - Қоғам заңнамамен реттелетін қатынастарға түскен немесе оған кіруді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға;

13) **комплаенс-менеджер** - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын және COMPLAENCS қызметін басқаратын, ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы complaenс-қызмет функциясын атқаратын қызметкер;

14) **мүдделер қақтығысы** - лауазымды адамдардың жеке және (немесе) ұйымдық мүдделілігі мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке немесе ұйымдық мүдделілігі олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

15) **сыбайлас жемқорлықты ескерту** – Қоғамның жүйелерді, алдын алу шараларын әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;


16) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - Қоғамның өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

17) **жұмыскер** - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

18) **жекжаттар** - жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары;

19) **Стандарт** - ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық» халықаралық стандарты.

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	6/26			
		өзг.№			

20) **Комплаенс қызметі** - Қоғамның ұйымдық құрылымына кіретін, Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін, ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын атқаратын құрылымдық бөлімше.

7. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған ұйғарымдар ҚР заңнамасында, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында және (немесе) ҚР нормативтік құқықтық актілерінде пайдаланылатын ұйғарымдарға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

8. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік** – Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан толық бас тарту қағидатын ұстанады.


Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік қағидаты Қоғамның атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы белгілі бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **«Жоғарыдан үн» қағидаты** – Қоғамның лауазымды тұлғалары өз мінез-құлқымен Қоғам жұмыскерлеріне бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын сақтау және ілгерілету және оның кез келген көрінісінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік жөнінде үлгі көрсетеді;

3) **тиісті байқау қағидаты** - сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы немесе сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімділігі мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін барынша азайту үшін контрагент туралы қажетті және анық ақпарат алуға бағытталған шаралар мен іс-қимылдар кешенін қабылдау;

4) **жазаның бұлтартпаушылық қағидаты** – Қоғам атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан Қоғам жұмыскерлерін жазалаудың бұлтартпаушылығы туралы мәлімдейді;

Өзірлеген:

ТАӨ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	7/26			
		өзг.№			

5) **жұмыскерлердің тартылуы** – Қоғам өз лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

6) **осы Саясаттың заңдылығы мен ҚР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** – Қоғам ҚР және қызметті жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

7) **мониторинг және бақылау** – Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі шаралардың мониторингін жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

8) **өзара іс-қимыл және үйлестіру** - Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен және Қоғамның үшінші тұлғаларымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді;

9) **ашықтық қағидаты** – Қоғамда қабылданған қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы контрагенттерді, әріптестерді және жұртшылықты хабардар ету.

5. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері

9. Осы Саясат:

1) Қоғамда сыбайлас жемқорлықты болғызбау жөніндегі тиімді шараларды іске асыру;

2) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінде, оның контрагенттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен олардың кез келген нысандары мен көріністеріндегі әрекеттерден бас тарту туралы Қоғамның ұстанымын біркелкі түсінуді құру;

3) Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың туындау тәуекелдерін төмендету мақсатында әзірленді.

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	8/26			
		өзг.№			

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаттарына қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;

2) Қоғамға, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге қолданылуы мүмкін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің негізгі талаптарын қорыту, ақпараттандыру және түсіндіру;

3) Сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы хабарлау үшін ақпараттық арналарды қамтамасыз ету;

4) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі заңды рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін тұрақты жақсарту;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру;

7) адал ниет негізінде немесе негізделген болжам негізінде болған сыбайлас жемқорлық сипаттағы факті туралы немесе сыбайлас жемқорлық көрінісіне күдікті туралы хабарлайтын адамдарды қудалауға тыйым салу және құпиялылығын сақтау;

8) қарсы қуғын-сүргіннен қорықпастан өз күмәндары туралы құпия ақпараттандыруды ықпаландыру;

9) комплаенс қызметінің, сондай-ақ комплаенс-менеджердің өкілеттіктері мен тәуелсіздігін түсіндіру;


10) Осы Саясатты орындамаудың салдарын түсіндіру;

11) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету.

11. Осы Саясатта реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

6. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплагенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
		9/26			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	өзг.№			

12. Мыналар (бірақ аталғандармен шектелмейді) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар болып табылады:

1) Лауазымды адамның Қоғам активтерін, ақша қаражатын заңсыз пайдалану/иеленіп алу/ұрлау, оларды мақсатсыз пайдалануы, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алуы немесе ысырап етуі, егер осы әрекеттер өзінің қызмет бабын пайдаланумен ұштасатын болса;

2) лауазымды адам жасаған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, егер осы әрекеттер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен ұштасса, заңдастыру (жылыстату);

3) Қоғамның бизнес-процестері барысында шешім қабылдау кезінде материалдық және материалдық емес құндылықтарды алуда заңды және (немесе) жеке тұлғаларға құқыққа сыйымсыз артықшылық беру;

4) әкімшілік кедергілерді заңсыз белгілеу (заңнамада, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделмеген талаптар), Қоғамның негізгі қызметіне байланысты шешімдер қабылдау процестерін бюрократияландыру;

5) лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерді теріс пайдалану (асыра пайдалану) – өзіне немесе басқа адамдарға мүлктік пайда мен артықшылықтар алу үшін өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдалану;

6) мүлктік және мүлктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе пайда алу мақсатында қызметтік және өзге де құпия ақпаратты пайдалану;

7) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

8) пара алу, пара беру, парақорлыққа делдалдық ету;

9) қызмет бойынша әрекетсіздік;

10) алаяқтық;

11) немқұрайлылық;


12) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау;

13) жеке және/немесе заңды тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы беру;

14) лауазымды тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы.

13. Қоғам, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде Қоғам оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне тікелей немесе

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплагенс-менеджер	Комплагенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	10/26			
		өзг.№			

жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынады, сондай-ақ:

1) пара беруді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға, яғни кез келген адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға ынталандыру ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беруге ұсынуға немесе уәде беруге;

2) пара беруді талап етуге, қабылдауға немесе алуға, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық алуға келісуге немесе келісім беруге;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерді қоспағанда, төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе оңайлатқаны үшін сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдер ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда алу үшін Қоғамда (оның ішінде уақытша негізде) жұмысқа орналасуды ұсынуға, уәде беруге немесе жол беруге;

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе алуға жәрдемдесуге;

7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлылық белгілерін беруге немесе алуға тыйым салынады.

14. Қоғамның лауазымды тұлғалары өзінің кәсіби қызметінде мынадай мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) ҚР заңнамасының, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын орындау;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болу, лауазымдық міндеттерін атқарудың кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болу;


3) Қоғамның беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) Қоғамның қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;

5) заңсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

Әзірлеген:

ТАӨ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	11/26
		өзг.№

7) кәсіпкерлік қызметті және (немесе) табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында өзгеге жәрдем көрсетуден қалыс қалу;

8) басқа жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді қолдамау;

9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау;

10) адал немесе ақылға қонымды күдік негізінде Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі, жоғары тұрған басшылыққа және Комплаенс қызметіне кез келген сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар, көріністер немесе күдік туралы, бұзушылықтар немесе кемшіліктер туралы хабарлау.

15. Қоғам жұмыскерлері:

1) Қоғамның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан қалыс қалуға;

2) айналасындағылар Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе жасауға қатысуға дайын деп түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан қалыс қалуға;

3) тікелей басшыға жұмыскердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін не туындағанын хабарлауға міндетті. Егер олардың іс-әрекеттерінің дұрыстығына немесе кез-келген басқа мінез-құлық нормаларына күмән туындаса, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қоғамның комплаенс-менеджеріне жүгіне алады;


4) адал немесе ақылға қонымды күдік негізінде жоғары тұрған басшылыққа және Комплаенс қызметіне Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі кез келген сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар, көріністер немесе оларға күдік туралы, бұзушылықтар немесе кемшіліктер туралы хабарлауға міндетті.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

16. Қоғамның лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде орындауына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған адамдар өздеріне:

1) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	12/26			
		өзг.№			

2) мүліктік/мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

3) назар аударудың символдық белгілерін қоспағанда, қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеу;

4) ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашуға және иеленуге, қолма-қол ақша мен құндылықтарды ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде сақтау;

5) «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелеріндегі құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге, сол сияқты ол үшін бөлінбеген орындарда құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатыспау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімі жазбаша нысанда тіркеледі.

Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда оларды сақтамауы лауазымды тұлғаның өкілеттігін тоқтату үшін негіз болып табылады.


17. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды.

Саясаттың осы тармағының талаптарын бұзатын Қоғамның лауазымды адамдары, егер олар көрсетілген бұзушылықты анықтаған сәттен бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, осындай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуға тиіс, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің бірі лауазымынан босатылуға немесе көрсетілген функциялардан өзгеше босатылуға тиіс.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам жұмыскерлері үшін қызметтік функцияларды жүзеге асыру кезінде мінез-құлықтың құндылық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлары жүйесін құру арқылы

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
		13/26			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	өзг.№			

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам жұмыскерлеріне мынадай мінез құлық нормаларын айқындайды:

1) заңдылық қағидатын, Конституцияның, аңдардың және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүддесінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

3) Қоғамның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

5) әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту;

6) қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

8) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей немесе тікелей басшыға дереу жазбаша нысанда хабарлау;

9) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

10) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

11) үшінші тұлғалардың мүддесін білдіруден және лоббизм жасаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу;


12) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау;

13) мүдделер қақтығысын туғызатын шешімдерді әзірлеуге, талқылауға немесе шешімдер қабылдауға қатыспау не өзге де тәсілмен оларға ықпал етпеу.

20. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

21. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заңнаманың қағидаттары мен нормаларын, осы Саясатты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	Комплаенс қызметі	

Комплаенс қызметі	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
